

своего развития своих современников. В рядах освободительного движения в то же время находились и люди, связанные с феодально-патриархальным прошлым, деятели консервативного мышления».

По моему мнению, для современной казахстанской историографии движения «Алаш» характерны односторонние оценки в характеристике его истории, эволюции взглядов как только национально-освободительных и либерально-демократических. Преобладают чрезмерная комплиментарность, порой и безапелляционность в суждениях, пафос антитоталитаризма и антисталинизма. Таким образом создается излишне этнизированная, идеализированная картина истории интеллигенции. Лишь единичные работы указывают на необходимость объективных и более взвешенных оценок, на явную оппозиционность лидеров движения в 1920-х годах, а также и участие некоторых из них в подпольной антисоветской борьбе и связь с представителями эмиграции. В настоящее время необходим пересмотр некоторых подобных оценок с учетом того, что свидетельства связи деятелей бывшего движения «Алаш» содержатся в воспоминаниях З.Валидова и письмах М.Шокая (Чокая).

Список литературы:

1. Розенберг Ц.Р. Научно-техническая революция и интеллигенция. - Алма-Ата: Казахстан, 1972; Тастанов Ш.Ю. Совет-ский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов (на примере Казахстана). - Алма-Ата: Казахстан, 1975.
2. Великая Октябрьская социалистическая революция. Энциклопедия. - М., 1987. - С. 35.
3. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш / Послеслов. Ю.А.Полякова. - М., 1994. - С. 188.
4. Элихан Бокейхан Шығармалары. - Алматы, 1994. - С. 93.
5. Аманжолова Д.А. Указ. соч. - С. 19.
6. Жаманбаев К.Ж. Указ. раб. - С. 10.

Нұр-сұлтан қаласы - ұлттық идеяның жүзеге асырылған ақиқаты

Саткулова Д.С.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Бүгінде әр қазақтың жүрек төрінен орын алған Қазақстан, Тәуелсіздік, Нұр-Сұлтан деген асыл сөздер бірін-бірі айшықтап, толықтыра түсетін қастерлі де қанаттас ұғымға айналды. Қазақстан баршамыздың қасиетті Отанымыз болса, Тәуелсіздік – бар ғұмырын атамекен жерін қорғаумен өткізген батыр бабаларымыз армандаған, аға ұрпақ жүзеге асырған ең асыл құндылығымыз. Еуразия кіндігінде орналасқан елорданың төңірегінде халқымыз үшін ежелден құтты мекен болған. Іргетасы Есілдің сол жағалауында VIII-IX ғасырларда қаланған ортағасырлық Бозоқ қаласы бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласының бастауында тұрды. Бұл құтты қоныс ел қамын жеген Едігеден бастап, Әз-Тәукеге дейінгі қазақ хандарының жазғы резиденциялары қызметін атқарған. Бұл бас қаламыздың Ұлы Даланың ғаламат жаңғыртушылық күшін бойына жинаған қасиетті төрінде орныққанын тарихи тұрғыдан дәлелдейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған Нұр-Сұлтан қаласы өзінің жиырма үш жылдық тарихында еліміздің басты символына, жалпы ұлттық құндылығымыздың өзегіне айналды. Елордамыз халықты бірлік пен татулыққа, ортақ мүддеге жұмылдыра білуімен ерекшелене отырып, әлемдік деңгейдегі саяси-экономикалық, рухани-мәдени орталық ретінде танылды. Ал Қазақ елінің дербес мемлекет ретінде жаңғыруы, дамудың даңғыл жолына түсуі тұрғысында сөз қозғағанда Нұр-Сұлтан қаласының тарихына, оның өркендеу жолының бастауына тоқталмай

өте алмаймыз. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ақмола қаласы 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап мемлекетіміздің астанасы болатыны ресми түрде мәлімдеді. Осылайша жаңа елорда – Астананың жасампаз тарихы басталды. Елбасының ел орталығын Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру идеясы негізінде, Қазақстанның қарқынды дамуына, заман талабына сай батыл қадамдар жасауына серпін берді. 1998 жылғы 6 мамырда Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді [1, 138 б.].

Алғашқыда астананы арқаға көшіру идеясын қолдағандар аз болды. Бірақ Мемлекет басшысы өз ұстанымынан таймады. Осы жобаны өзінің терең ойластырғанын, астананы өзгерту тек бір қаланы екінші қаламен ауыстыру ғана емес, оның қазақ елінің тиімді дамуына, болашағына әсер ететінін халыққа айтып, түсіндірумен болды. Арнайы комиссия құрып, жаңа қонысқа көшіп, ол жерде оңтайлы орналасудың жобасын жасады. Елдің экономикалық дамуында, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуда болашақ астананың орнын анықтайтын алғашқы жобалар жарық көрді. Жаңа астананың стратегиялық маңызы туралы насихат бір сәт те толастаған жоқ. Осындай асықпай, баянды түрде жасалған жұмыс оң нәтижесін берді, жобаны қалың бұқара қолдады. Сондықтан бүгінгі Қазақ елінің Нұр-Сұлтан егемен халықтың өзі тандаған, Елбасының өзі ұсынған стратегиялық жоба деп айтуымызға толық негіз бар. Өз астанасын бір жерден екінші жерге, бір қаладан екінші қалаға көшіру әлем елдерінде, мемлекеттер тарихында бар құбылыс. Бұл бір ғана топқа немесе бір аумаққа ғана қатысты іс емес, тұтас бір елге, бір халыққа тікелей қатысты болғандықтан, осындай көшіп-қонудың астарында, оның негізгі себебі болып ұлт мүддесі тұрады. Елдің ордасын сырттан төнетін қауіптен сақтау мақсатымен, тұрмысқа қолайлы немесе суы мол өзен, теңіз жағаларына көшіру әлемде кішігірім де, үлкен де астаналардың тарихында бар [2, 3 б.].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың астананы ауыстыру ұсынысының астарында егемендікті ғасырлар бойы армандап, оған жаңа ғана қолы жеткен халықтың ұзақ уақыттардан қалыптасып, бірақ осы күнге дейін дұрыс шешімін таппаған ұлттық мүддесі жатты. Ең бірінші себеп астананы еліміздің географиялық орталығына көшіру болды. Бұл тек қана егемендіктің тұсында емес, бұдан ұзағырақ бұрын ел ішінде айтылып жүрген көкейкесті мәселелердің бірі еді. Бабаларымыздың Еуразия кеңістігінің ұлан-байтақ бір бөлігін бізге атамекен етіп қалдырып кеткенін зор мақтан етеміз, бірақ астананың елдің бір шетінде болуы оның қауіпсіздігі туралы, жалпы елдің тұтастығы туралы, ішкі жол қатынастарының тиімділігі туралы ойластыруды талап етті. Ақмола болса қазақ жерінің ғана емес, жалпы Еуразия кеңістігінің географиялық орталығы, жоғарыда айтылған талаптарға сәйкестігі немесе оларды орындауға мүмкіндігі мол елді мекен болды. Оның еліміздің өзге өңірлерімен бірдей қашықтықта болуы мемлекеттік басқару жүйесінің жұмысына, инфрақұрылым, жол қатынастарына тиімді еді. Елде болып жатқан демографиялық өзгерістердің дұрыс бағытта шешілуіне де ықпалы мол болатын. Елбасы бір сөзінде «Қаланы (Алматыны) батыс, шығыс және оңтүстік бағытта дамытуға табиғи шектеулер көп, ол астанада құрылыс салуға тежеу болады. Алматыда сейсмикалық қауіптің жоғарылығына байланысты ондағы құрылыс құны қымбат, Алматыны одан әрі дамыта беру мемлекетке тым қымбат түседі. Ақмоланың экологиясы қалыпты» [3, 1 б.] деп астананы ауыстырудың басқа да себептерін айтқан болатын.

Елорданың Еуразия құрлығының орта шенінде орналасуы Қазақстанның саяси-экономикалық дамуын жеделдетті әрі тиімді жаңа бағыттар бойынша кең ауқымды шараларды қолға алуға мүмкіндік берді. Бұл арада Нұр-Сұлтан ыңғайлы орналасуы Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы байланыстарды жаңа мазмұнда өрістетугіне, еліміздің транзиттік көпір ретіндегі рөлін арттыруға кеңінен жол ашты. Мұның барлығы айналып келгенде, Қазақстанның экономикалық тұрғыда белсенді іс-қимыл көрсетуіне ықпал етіп, елорда мәртебесінің өсуіне серпін берді, сондай-ақ қаланың инвестициялық тартымдылығын жақсартты. Соңғы деректерде көрсетіліп жүргендей, жалпы елімізге құйылған инвестициялардың 10 пайызы Нұр-Сұлтанға тиесілі болып табылады. Астананың республика орталығында болуы еліміздің өндіргіш күштерін барынша тиімді дамытуға,

жұмыссыздықпен күресуге, астана төңірегінде жаңа технологиялық өндірістерді, әсіресе ауылға керек машина жасау өндірісін табиғи түрде дамытуға мол мүмкіндік береді.

1997 жылы көшіп келген сәттен Нұр-Сұлтанда өте қызу құрылыс жұмыстары басталды. Тұрғын үйлер, әкімшілік ғимараттар, қаланың оң және сол жағалауын қосатын бірнеше көпір салу, оң жағалаудағы үйлерді күрделі жөндеуден өткізу, көшелері асфальттау, тағы басқа сан қилы құрылыстар мен абаттандыру істері көп ұзамай ақ шаһардың ажарын аша бастады. 2019 жылы 20 наурызда Қазақстанның жаңа президенті Қасымжомарт Тоқаев қаланың атын Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгерту туралы қаулығы қол қойды.

Астана атауын өзгерту туралы «тарихи қадамды» мен де «тарихи, әділ әрі заңды шешім» деп есептеймін. Негізі Мемлекет астанасының атауын Тұңғыш Президент атына өзгерту туралы әуелден яғни 2016 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығында Парламент депутаттарының талқылауында айтылып келе жатқан ұсыныс еді. Бұл ұсынысты 2016 жылдан бастап естігеннен кейін көкейімде жүрген еді және қашан Мемлекет астанасының атауын тұңғыш президент атына ауыстырады деп күтіп жүрген едім. Өз басым бұл жаңалықты қуана қарсы алдым. Себебі Астана мен Нұрсұлтан екеуі егіз ұғым. Мен өте қуаныштымын. Бұл да бір рухани жаңғыру. Еселі еңбекті бағалап, өз басым Астананы «Нұр-Сұлтан» деп өзгертуді қолдаймын. Елбасы, ерен тұлға Н.Ә. Назарбаев – әлем тарихындағы кемеңгер тұлға, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Еліміздің әл-ауқатын жақсартып, әлемге әйгілі мемлекет құрды және Қазақстанды әлем танитындай деңгейге жеткізді. Тереземіз теңесіп, шекарамыз шегенделіп, көрші мемлекеттермен тату-тәтті қарым-қатынас орнатылды. Ең бастысы Елбасының арқасында Қазақстанның төрінде тамаша Астана құрылды. Елбасының салған сара жолына әлемдік саясаткерлер мен ғалымдар тарапынан қызығушылық жоғары. Әлем басшылары Қазақстанды Елбасы Н.Ә. Назарбаев арқылы таниды. Мен үшін «Нұрсұлтан» сөзі қазақ елін нұрландырып, шуағы шашылып тұрғандай. «Біздің астана Президентіміздің есімімен Нұр-Сұлтан деп аталуы керек» [4, 1 б.], – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Кеңес дәуірінде «Мәскеу бір күнде тұрғызылған жоқ» деген мәтел кеңінен таныс болатын. Сол секілді Сарыарқаның төрінде орын тепкен елордамыз жыл санап өзгеріп келеді. Шаһардың осылайша көркеюі, ең әуелі, қаланың бекітілген Бас жоспарына байланысты. Елорданы салудағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегін атап өткен жөн. Жаңа астананың іргетасы қаланған күннен бастап, қаланың болашақ жоспарын мұқият ойластырып, архитектуралық доктринасына дейін қалыптастырды. Қаланың Бас жоспарын жасау үшін халықаралық байқау жүргізілді. Елбасының сәулетті шаһар салу идеясына әлемнің мықты архитекторлары да қызығушылық танытып, көптеген ұсыныстар келіп түсті. Жаңа астананың басты авторы – Н. Назарбаев өзінің «Еуразия жүрегінде» атты кітабында осы оқиғаны былай деп еске алады: «Конкурсқа айтулы сәулет компанияларынан және бұл тұрғыда әлемге жайылған атақтары бар Жапония, АҚШ, Аустралия, Италия, Франция, Германия, Ресей, Финляндия, Корея, Болгария, Польша, Чехия, Украина, Өзбекстан, Қырғыстан және Латвия сияқты елдерден 50-ден астам жоба түсті. Барлық жоба Конгресс-холлға қойылды, сөйтіп олармен әркімнің танысуына толық мүмкіндік туды. Ұсыныстар топтамасының ішінен халықаралық конкурстың шарттары мен талаптарына жауап бере алатын 27 жоба іріктелді. Сөйтіп конкурс қорытындысы бойынша, Қазақстанның жаңа астанасын салудың бас жоспары ретінде заманымыздың аса көрнекті сәулетшілерінің бірі, жапон концептуалисі Кисе Курокаваның жобасы қабылданды» [5, 28 б.].

Таңдаудың «Күншығыс елінің» сұңғыла сәулетшісіне неліктен түскенін Елбасы Н. Назарбаев былайша түсіндіреді: «Өз атымнан қосар болсам, қаланың тарамдалған-сақиналы композициясы мен оның өрісті нысанын ұсынатын Курокаваның Бас жоспары біздің көшпелі ата-бабамыздан жеткен ұлттық серпінді сезімді ескеретіндіктен және қаланың орталық бөлігінің ландшафт ерекшелігі номадтардың ежелгі көшпелі тұрақтарының пішінін еске салатындықтан, көп жағдайда жаныма жақын сезіледі» [5, 30 б.].

Кишо Курокава Нұр-Сұлтан архитектурасының бүгінгі мен болашағын Симбиоз, Метаболизм және Абстракті символизм идеялары негізінде айқындап берді. Бұл жаңа философиялық доктринаның мәні – қала мен қоршаған экожүйенің өзара үйлесімділігінде. Кишо Курокава қаланы табиғатпен барлық жағынан сіңісетін, оған ешқандай залал келтірмейтін, архитектуралық келбеті дара әрі белгілі бір маңызға ие, қазіргі заманғы тұрмысқа барлық жағынан жауап беретін урбаникалық тірі организм ретінде қарастырған. Аталған принципті эксперттер бүгінгі қала құрылысындағы жаңа қадам деп саналады. Шындығында да, симбиоз принципі Нұр-Сұлтан мен оның жалғыз су көзі - Есіл өзені үшін, қуаң даланың әлсіз экожүйесі үшін ең ұтымды таңдау еді. Тек осындай жолмен, қала және табиғат үйлесімділігін сақтау жолымен экологиялық талаптар әлемдік мәселеге айналған ХХІ ғасырға лайықты шаһар тұрғызуға болатын еді. Ұтымды идея анықталған соң Кишо Курокаваға Нұр-Сұлтанның Бас жоспарының жобасын әзірлеу тапсырылды. Қазақстан жағынан жапон сәулетшілеріне «Ақ орда» жобалау фирмасы көмек көрсетеді деп шешілді. Фирмаға Республиканың еңбек сіңірген архитекторы С.Рүстембеков жетекшілік етті. Нұр-Сұлтан қаласының сәулетіне қатысты шаралар мұнымен шектелмейтін еді, жоспар қаланың территориялық-жобалық даму жүйесінің тұжырымдарын ғана айқындайды. Сол тұжырымдарды нақты жүзеге асыру үшін әр орам мен ықшам аудандардың жобалары жасалуы керек. Басталып кеткен жұмыстың бас айналдыратын қарқыны қала құрылысын бір орталықтан реттеуді қамтамасыз ететін орасан зор шығармашылық қызметті, архитекторлар мен инженер-техник мамандарының біліктілігі мен оралымдылығын талап етті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсыруымен аталған міндеттерді шешумен және қала құрылысына араласқан түрлі бағыттағы фирмалардың жұмысын үйлестірумен шұғылданатын «Астана бас жоспар» мемлекеттік кәсіпорыны құрылып, 2000 жылғы қазан айында іске кірісті. Кәсіпорынның шығармашылық қызметіне тиісті жағдай жасалды, кең макет, көрме және жобалау жолдары бар бес қабатты тамаша ғимарат салынды. Жобалау институты аталған бұл шаңырақ осы заманғы техникалық құралдармен толық жабдықталды. Мұның бәрі жапон архитекторының идеяларын жүзеге асыруға тиісті сәулетшілер мен қаладағы ұйымдастыру - басшылық қызметтерінің жемісті еңбек етуіне игі ықпал жасады. Жұмыс қарқыны ерекше еді, аз ғана уақыттың ішінде қаланың қаржы жағдайына сәйкестендірілген құрылыс стратегиясы мен бағдарламасы әзір болды [6, 2 б.].

Сол кезде тындырылған ұйымдастыру жұмыстарын қорыта келе үш бағдарламалық кезеңді атап көрсете аламыз.

Бірінші кезең 1998-2001 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңнің алға қойған мақсаты көріксіз облыс орталығын әсем астанаға айналдыру болатын. Соған сәйкес ең алдымен бұрыннан бар әкімшілік үйлерін министрліктер мен түрлі мекемелердің сәулетті кеңселеріне айналдыру қолға алынды, ескі қаладағы бос алаңдарға көп қабатты тұрғын жайлар салынып, оларға қызмет бабымен жаңа астанаға ағылған ел қоныстанды. Қала көшелерін көркейту, мәдени-көпшілік орындарын көбейту шаралары атқарылды. Аталған кезеңнің сапалық көрсеткіші қандай болғандығын Нұр-Сұлтанның Мәскеуде өткен «Сәулет-2001» халықаралық фестивалінде «Астана бас жоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ұсынған жобаның Халықаралық архитекторлар одағы мен Халықаралық архитекторлар академиясының үлкен алтын дипломымен марапатталғандығынан көре аламыз.

Екінші кезең 2001-2005 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде Есілдің сол жағалауында орын тебуге тиісті жаңа қаланың орталық ошағын қалыптастырып, Республика Үкіметі 2001 жылғы тамыз айында бекіткен, Кишо Курокаваның шығармашылық тобы әзірлеген ескі қаланы қайта салу жоспарын орындау керек еді. Аса ауқымды бұл шаралар зор көлемдегі қаржыны қажет етті. 2002 жылы қаңтар айында Елбасы заң күші бар – «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағы ережесін енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Астана құрылысының бұрынғыдан да қарқынды дамуына ерекше ықпал еткен бұл құжат қолайлы инвестициялық ахуал орнықтырып, шетелдер мен отандық компаниялардың қаржысын көптеп тартуға бағытталған болатын. Осыдан соң Нұр-Сұлтан құрылысын қаржыландыруға ынта білдіргендердің қатары көбейді. Біз қазіргі күнде мынаны айқын айта аламыз – қалада

бой көтерген құрылыстардың бірі, әлеуметтік және жалпы қалалық бағыттағыларын қоспағанда, жеке капиталдың есебінен іске қосылды. Қала бюджетінің басым бөлігі мектептер мен балалар бақшаларын, әлеуметтік құрылыстар мен жолдар тараптарын, магистралді инженерлік жүйелерді салуға жұмсалды. Қала құрылысына отандық инвесторлардың қосқан үлесі қомақты. «BI GROUP», «ҚУАТ», «Базис-А» компаниялары алғашқы күннен қазірге дейін кең құлашты жұмыс атқарып келеді. Шетелдік фирмаларға тоқталсақ, «HIGH WILL» корей, «Джейлан», «Сембол», «Окан», «Аксель» түрік фирмаларының Нұр-Сұлтан сәулетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Олар қыруар қаржы жұмсай отырып, осы заманғы көрікті де ыңғайлы тұрғын үйлерді, архитектуралық жағынан мінсіз көптеген ресми ғимараттар мен мәдени-көпшілік орнындарын жоғары талапқа сай салып шықты, қала сәулетінде өздерінің қайталанбас қолтаңбаларын қалдырды. Егер қала ең озық деген архитектуралық идеяларды жүзеге асыру кезінде жаңа дәуірдің талаптарына сай әсем ғимараттарды тұрғыза алса, ХХІ ғасырдың талаптарына жауап бере алады. Ал әлемдік архитектураның озық үлгілеріне барлық сапалық көрсеткіштермен сәйкес келетін құрылыстарды жобалау аса дарынды сәулет шеберлерінің ғана қолынан келеді. Нұр-Сұлтан қаласының сәулетіне алыс және таяу шетелдердің ең таңдаулы архитекторлары тартылды [7, 46 б.].

Нарық өмірдің барлық саласына енген кезеңде шетелдермен, әсіресе дамыған елдермен байланыстың қандай түрін болса да орнату оңай емес. Капиталистік көзқарас бойынша, біздер ойлайтындай, ақша емес, бір кезектік пайда да емес, идеялар жақындығы мен түпкі нәтиже қымбат. Өркениетті елдер сәулетшілері Нұр-Сұлтанның жан-жақты танысқан соң, қала құрылысының болашағы зор екенін, қазақ ордасына үздік шығармашылық табыстарын әкелу арқылы өздерінің әлемдік беделге ие болатынын білді. Мұны ең алдымен Халықаралық архитекторлар одағының президенті (бүгінде экс-президент) Василис Стутас пен Халықаралық архитекторлар академиясының президенті Георгий Стоилов түсінді. Солардың тікелей көмегімен Нұр-Сұлтанның бірқатар ғимараттар көрнекті сәулетшілердің жобалары бойынша салынды. Мәселен есімі дүниежүзіне мәшһүр архитектор Норман Фостер – елордада бой көтерген Бейбітшілік пен келісім сарайының жоба авторы. Сауда және ойын-сауық орталығы да осы сәулетшінің идеясы. Италияның белгілі архитекторы Манфреди Николеттидің жобасымен 3500 орындық киноконцерт залы салынды. Аталған әлем архитекторларының құрылыстар жоба кезінің өзінде қызығушылығын туғызған еді [8, 186 б.].

Нұр-Сұлтан жаңа қала ретінде біршама қалыптасып үлгерді. Енді қала дамуының үшінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде тұрғындар қатарының қауырт өсуі және елдің өскелең экономикасымен бірге нығайған Нұр-Сұлтанның қаржы мүмкіндіктері негізге алынды. Курокава жасаған Бас жоспарға кейінірек өзгерістер енгізілді. Өйткені жапон сәулетшісі қаланы жобалаған кезде тұрғындардың саны тез өсетінін болжамаған сыңайлы. Бұған таңғалудың реті жоқ. Өйткені кез келген жоба бұрынғы тәжірибелерге сүйеніп жасалады. Ал осыған дейін ешбір елде аз ғана уақыт ішінде әлемге танымал астана салынған емес.

Осылайша алғашқыда 2030 жылға дейін тұрғыны 1 миллионға жетеді деген шаһар бұл межені 12 жыл бұрын орындап тастады. Бұл-ел халқының 5 пайызы. Салыстырып көріңіз, 1997 жылы елорда жаңа ауысып келгенде қалада 300 мыңға жетер-жетпес тұрғын болды. Өзгертілген Бас жоспарға сәйкес, шаһардың өзін ғана емес, Нұр-Сұлтан агломерациясын толықтай дамыту көзделген. Осы аумаққа Ақкөл қаласымен Ақкөл, Аршалы, Целиноград және Шортанды аудандарының бірқатар елді мекені кіреді. Қазіргі таңда агломерацияның аумағы 2,18 мың шаршы шақырымды құрап отыр. Халық саны 1,2 миллионнан асты.

Нұр-Сұлтанның қаласының 2019-2023 жылдарға арналған жинақы құрылысы жөніндегі кешенді жоспары бойынша, халық саны жыл сайын орташа есеппен 2,5 пайызға ұлғаяды деп жоспарланған. Осыған сәйкес, 2030 жылы елорда тұрғындарының саны 2 миллионға жетпек. Осы жобаларды іске асыру 3 бағытта жүзеге асырылмақ. Бірінші міндет-астана агломерациясын аумақтық және институттық дамыту. Осы міндет шеңберінде қала

құрылысын жоспарлау құжаты – Нұр-Сұлтан агломерациясын аумақтық дамытудың өңір аралық схемасы әзірленіп, бекітілді.

Екіншісі - республикалық және өңірлік нарықта Нұр-Сұлтан агломерациясын экономикалық орнықтыру, Бұл бағытта жоспарланған іс-шаралар бүгінде өз жемісін беріп отыр. Соңғы 23 жыл ішінде қаланың ішкі жалпы өнімі 190 есе көбейіп, 5 трлн теңгеге жетті. Өнеркәсіп саласы 30 есеге өсіп, орта және шағын бизнес субъектілері өндірген өнім көлемі 4.3 трлн теңгені қурады. Мемлекеттік бюджетке түсетін 80 есеге артып, 1998 жылғы 13 млрд теңгеден 2017 жылы 1 трлн теңгеге жетті. Мұның өзі елорданың экономикалық тұрғыдан өте тиімді жоба екенін аңғартқандай.

Үшінші міндет бойынша қаладағы инфрақұрылымдық жобаларды үйлестіру жұмыстары атқарылып жатыр. Елорданың маңындағы ауылдық жерлерді де дамыту жоспарға енген. Нұр-Сұлтан қаласының елді мекендерін әлеуметтік-экономикалық дамытуға сәйкес, құны 105 млрд теңге болатын 194 іс-шара жүзеге асырылады. Оның ішінде сумен қамту, жол жөндеу, электр желісін тарту секілді халыққа қажетті қызметтер бар. Бұдан бөлек, білім ордасын салу немесе жөндеу, медициналық мекемелер, тұрғын үй салу секілді жоспарлар да бар. Алдағы 5 жылдың ішінде елорданың дамуына шамамен 6 трлн теңге жеке инвестиция салынбақ. Бұл өз кезегінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның кеңеюіне, тұрғын үй құрылысының өсуіне жағдай жасайды. 2023 жылға дейін шамамен 10 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады.

Бүгінде өңірдің экологиялық жүйесіне басымдық беріле отырып жасалған жоба нәтижесінде елорда маңында жасанды доктринасы алғаш рет Нұр-Сұлтан орман алқабы қалыптасты. Жыл сайын қала сыртындағы 5 мың гектар жерге ағаш отырғызылады. Қазіргі таңда аталған орманның көлемі 50 мың гектардан асты. Бұл жұмыстарға Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен құрылған «Жасыл қаланың аумағын көгалдандыруға аймақ» мемлекеттік кәсіпорны бас тікелей жауапты. Келешекте елорданы қоршаған қалың ағаш Бурабайдың табиғи орманымен қосылады, Бұдан бөлек, шаһарды жасыл желекке айналдыру жұмысы да назардан тыс қалған жоқ. Жыл сайын қала ішінде де ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жолға қойылған [8, 156 б.].

Қай астана болса да оған сол елдің мәдени орталығы болуы жазылған. Бұрын шағын ғана мәдениет үйі, әлем түгiлi республикаға белгiлi шығармашылық тобы немесе ұйымы жоқ әсiресе бiздiң ұлттық болмысымызды жақсы көрсете алатын театрлары, басқа өнерпаздар ұжымы жоқ қала қазiр Еуразия кенiстiгiнде көпке танымал, өнердiң қай саласы болса да жан-жақты дамыған мәдениет орталығы болып қалыптасты. Дәл осындай қарқынды даму бiлiм саласында да жүрiп жатыр. Қазiр Нұр-Сұлтанның мектептерiнде 143 мың бала оқиды, жыл сайын оқушылар саны 15-18 мың балалармен көбеюде.

Бiр мақаламен осы 23 жыл жетiстiктердiң бәрiн баяндау мүмкiн емес. Астанада емханалар саны еселеп өстi, бұрын көптеген қатерлi аурулардан шетелдерге емделуге барушы едiк, содан көбiнiң сапалы емi қазiр Нұр-Сұлтанда, өз елiмiзде жасалады. Спорт әлемi де адам танғалатындай өстi. Ел iшiндегi, спорт жарыстары, халықаралық спорт форумдары қазiр Нұр-Сұлтанның, Алматыда өтетiн болды. Жалпылай айтқанда Нұр-Сұлтанның жай-күйi, оның тұрғындарға қолайлығы жылдан-жылға өсу үстiнде.

Нұр-Сұлтанның келбетiне ой жүгiрткенде бiрiншi кезекте Елорданың ұлттық символы «Бәйтерек» кешенi, «Тәуелсiздiк» сарайы, «Бейбiтшiлiк және келiсiм» сарайын «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық-орталығы, «Думан» орталығы, «Астана опера» театры, «Әзiрет сұлтан» мешiтi, «Қазақстан» орталық концерт залы, «Қазақ елi» монументi, Ұлттық музей бәрiмiз Ақорда деп құрметпен атаған ел Президентiнiң жұмыс ғимараты көз алдымызға келедi. Қазақстан Парламентi ғимараттары, Жоғарғы сот, Үкiмет үйi бұлар көз тартатын, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен жабдықталған Нұр-Сұлтанның ажарлы бет пердесiне өз үлесiн қосқан ғимараттар. Қаладағы спорттық кешендердiң де қатары көнiл қуантады. Елiмiзде бұрын-соңды болмаған спорттық ғимараттар – «Астана-Арена» стадионы, «Сарыарқа» велотреги, «Алау» мұз айдыны, «Барыс Арена» спорт кешенi, сынды iрi нысындар елiмiздiң абыройы [9, 68 б.].

Нұр-Сұлтан жастар ісіне, ұрпақ тәрбиесіне, білім беру, денсаулық сақтау салаларына қатысты көптеген жетістіктерімен беделді. Бүгінгі елордамызда әлемнің кез келген жоғары оқу орнымен терезе тең Назарбаев Университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, С.Сейфуллин атындағы агро-техникалық университеті, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, Астана медициналық университеті жастардың уақыт талабына сай білім алуларына мол мүмкіндік беріп отыр. Елордадағы емдеу-сауықтыру орындары, медицинаның қазіргі озық үлгілерін қолданатын, т. алайлардың арманы болып табылатын аппараттармен қамтылған, білікті мамандар жұмыс істейтін, аса маңызды операциялар жасау арқылы атағы кеңге жайылған медициналық орталықтар тек қаланың ғана емес бүкіл еліміздің беделін биікке көтеруде. Осы орталықтардың сапалы қызмет көрсетуі нәтижесінде қазір шетел асып емделетін қазақстандықтар саны азайды. Қайта керісінше алыс-жақын шетелдердің азаматтары Нұр-Сұлтанның медициналық орталықтардың қызметіне жүгінетін болған. Бұл Нұр-Сұлтандық медицина орталықтарының ел қазынасының артуына өз үлестерін қосып отырғанын білдіреді.

Сонымен қатар Нұр-Сұлтан халықаралық ұйымдардың саммиттері, әлемдік маңызы зор форумдар мен түрлі ауқымды шаралар өтетін тиімді үнқатысу алаңы. Әлем елдерінің Нұр-Сұлтан арқылы Қазақстанға деген сенімінің толық орныққанын көрсетеді. Елордада тұрақты түрде өтіп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, Астана экономикалық форумы, Сирия дағдарысы бойынша «Астана процесі» бүгінде халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалған. Астанада ОБСЕ, ШЫҰ саммиттері және ЭКСПО-2017 көрмесінің өткізілгені елорданың ғана емес, бүкіл еліміздің мерейін асырды.

Қаланың көлік жүйесі дамыды. Назарбаев атындағы Астана әуежайы, «Нұрлы жол» темір жол вокзалы, көшелерді абаттандыру мен ішкі жол торабын ыңғайластыру көлік саласын сапалы түрде өзгертіп, озық стандарттарға біртіндеп жақындатты. Таяу жылдарда қосылады деп жобалаған Қызылордадан келетін газ құбыры қаланың ішкі байланыс жүйесін және экологиясын жақсарту үшін жасалып жатыр.

Қала экономикасының қарқынды дамуы көптеген инвесторлар үшін тартымды болып отыр. Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары. Шаһардың өнеркәсіп өндірісі негізінен құрылыс заттарын, азық-түлік өнімдерін шығару мен машина жасау ісі төңірегіне шоғырландырылған. Нұр-Сұлтан Қазақстанда құрылыс металл бұйымдарын, пайдалануға дайын бетон және бетоннан жасалған құрылыс заттарын шығару жөнінен алдыңғы орынды иеленеді. Қаланың ірі кәсіпорындары қатарында Целиноград вагон жөндеу зауытын, «Цесна-Астық» концернін, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жолаушылар вагонын құрастыру зауытын, «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауытын айтуға болады. Қала Қазақстандағы ірі бизнес орталығының біріне айналды. Кәсіпкерлік мәдениеті қарыштап дамып келеді – Нұр-Сұлтан 128 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда Қазақ тілінің астанасы сапалы дамудың жаңа бір сатысына көтерілуі камында. Осы жаңа даму жолдарын Елбасы «ақылды қала ақылды ұлт үшін» деген бір ауыз пікірмен беріп еді. Міне, осы бағытта ауқымды, нақты іс-шаралар басталып жатыр.

«Ақылды қалалар» өңірлік дамудың, инновацияны таратудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтеріне айналады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев жолдауында. Осыған байланысты, «Смарт сити» тұжырымдамасы мен қалаға қоныс аударатын адамдардың құзыреттерін дамыту негізінде қалалық ортаны басқаруды кешенді түрде енгізу қажеттігін ерекше айтады. Ақылды қала – бұл, қазіргі заманғы өмір сүру сапасын инновациялық технологияларды қолдану есебінен қаланың тыныс-тіршілік жүйелерін үнемді пайдалануды қамтамасыз ету болып саналады. Ақылды қала – бұл ақылды басқару, ақылды тұру, ақылды адамдар, ақылды орта, ақылды экономика, ақылды ұтқырлық. ХХІ ғасырдағы қалалық ортаның жай-күйі тек инфрақұрылыммен, яғни материалдық ресурстармен де анықталмайды. Ақылды қалаға сапалы жаңа дамытуды қамтамасыз ететін ақылды шешімдер қажет. Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, бұл «ақылды қалаларда» энергоресурстар біраз үнемделеді, яғни көшелерді электрэнергиямен жарықтандыру – 60%,

жылуды тұтыну – 30%, коммуналдық қалалық желілерге қызмет көрсету шығыны – 30%, электроэнергияны пайдалануға арналған есепшоттар – 26% дейін төмендетілген. Сонымен қатар қаланың қоғамдық қауіпсіздік деңгейі де артады. Қазіргі уақытта еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтан «ақылды қалалар» рейтингі бойынша көшбасшы қалаға айналдыру мақсаты тұр. Дүниежүзі бойынша «ақылды қалалар» рейтингінде Канада елінің Торонта қаласы бірінші орында тұр, ал біздің Астана Интеллектуалдық қауымдастық форумының (АҚШ) рейтингі бойынша 2016 жылы «ТОП – 21» ақылды қалалар тізіміне енген болатын. Астана қаласын «ақылды қала» жобасы ретінде дамыту үшін екі жоба жүзеге асырылуда, оның бірі – «Астана қаласының интеллектуалды көлік жүйесі», екіншісі – «Қауіпсіз қала».

Астананы дамытуға арналған барлық жобалада Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы бар. Мұнда салынған әрбір шағын аудан, әрбір сәулетті ғимарат Президент қолдауымен іске асты. Оған қажетті қаржы және шетел инвестициясы да Мемлекет басшысының тікелей араласуымен табылды. Елбасы ерен еңбегімен елорданың сәні мен салтанатын әлемнің мақтаулы қалаларының деңгейіне көтерді. Нұр-Сұлтан еліміздің ресми орталығы болып белгіленген алғашқы сәттерден-ақ саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени ірі оқиғалардың ордасына, игі бастамалар мен ілкімді жобалардың қайнар көзіне айналып шыға келді. Жаңа елордамыздың табысты қадамдарының, жетістіктерінің шежіресі түзіліп, ол еліміздің жаңа тарихының өзегіне айналды. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің идеясымен іргесі қаланған жаңа елорда қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекеттің тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына айналды [8, 75 б.].

Астана халықаралық ауқымда мойындалып, әлемдік қоғамдастық тарапынан лайықты түрде жоғары бағасын алды. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағын иеленді, сондай-ақ 2000 жылы астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшелігіне қабылданды. Бұл марапат аз уақытта әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда айтарлықтай жетістікке жеткен әлемнің жас қалаларына беріледі. Тарих үшін қас-қағым сәт болып саналатын уақыт аралығында Астана әлемнің атақты астаналарымен иық теңестіріп, халықаралық мәселелерді талқылап, түйінін тарқататын халықаралық диалог алаңына айналды. Әлем тарихындағы астаналардың көшірілуі әр мемлекетте әрқалай аяқталды. Бірі сәтті, бірі сәтсіз, тіпті бірі аяқсыз қалған жағдайлар тарих беттерінде кездеседі. Ал Қазақстандық тәжірибе, Елордамыздың бүгінгі саяси аренадағы келбеті мен маңыздылығы әлі талай әлем мемлекеттеріне үлгі болатыны анық. Нұр-Сұлтанның өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі. Бұл сөз тіркесі нақыл сөзге айналып кеткендей. Нұр-Сұлтан Қазақстанның айнасы, абыройы, айбары, ұлтымыздың бренді. Бұл Елбасы еңбегінің нәтижесі мен халық тілегінің орындалғанын көрсетеді. Нұр-Сұлтан қаласы – ұлттық идеяның жүзеге асырылған ақиқатына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байбулсинова А.С., Шамгонова Р.Г. Қазақстан қалаларының тарихы. /Оқу құралы. – Орал: Полиграфсервис. 2018. – 351 б.
2. Сағадиев К. Астананы көшірудің астарында ұлт мүддесі тұрды. // Егемен Қазақстан, №116 (29347) – 2018. – 22 маусым.
3. Асанкелдіұлы А. Бас қаланың Бас жоспары. // Егемен Қазақстан, №128 (29607) – 2019. – 6 шілде.
4. Жолдыбай Б. Ел – Елордасымен еңселі. // Егемен Қазақстан, №236 (29467) – 2018. – 10 желтоқсан.
6. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
6. Жәлелқызы М. Астананы ауыстыру: Әлемдік тәжірибе һәм Қазақстан бастамасы. // Егемен Қазақстан. – 2018. – 4 қыркүйек.
7. Кабульдинов З.Е. Астана: прошлое и настоящее. – Астана, 2017. – 344 с.
8. Смайыл.А.Тарих таңдаған Астана – Астана, – 2014,
9. Астана: фотоальбом. - Астана : Қазақстан, 2002. – 209 с.